

Тайбұға Шыңғыс әулетінің туған құда баласы ғана емес, қыз алған күйеу баласы болғаны да көрініп тұр [2, 174 б.].

Шыңғыс хан өзін де бас идірген ақылды келіннің көңілін аулау үшін болса да, оның «жар дегендегі жалғыз бауырына» тозған керей елінің басын қосып тізгінін беруге (әрине, Төленің ұсынысымен) әбден келісер еді. Әрі сол арқылы Тұғырыл алдында өтелмей кеткен қарызын қайтарудың да орайын сәтті пайдаланды.

Шыңғыстың бірнеше жылдан кейін Тайбұға жөнінде естіп, оны қызметке шақырғаны туралы Погудин жылнамасындағы Сібір хандығының шығу тегі атты тарауда баяндалады.

Сөйтіп, Тұғырыл ханның алдындағы Шыңғыстың өтелмей кеткен қарызының бір парасы тарихқа Тайбұға есімін көтеріп шықты [2, 174-175 бб.].

Тайбұға таққа отырған 1220 жылдан есептегенде, оның хан ордасын уысына ұстап отырған әпекесі Сұрғактан бикенің айтқаны орындалып, аналық айбаты асып тұрған шағы. Сұрғактан бикенің 1252 жылы өмірден қайтқанын ескерсек, ол көзінің тірісінде телім-телімге түскен керей баласының ешқайсысын «шекесінен шерткізбеді». «Қанаттыға қақтырмады, тұмсықтыға шоқыттырмады». Керей сарбаздарының бәрі дерлік орда жағалап, лауазымды қызметтер атқарды, халқы хандықтардың құрамындағы шұрайлы жерлерді мекен етті.

Сөйтіп Сұрғактан бике, хандығы құлап, қара ормандай халқы тозғын болған оқиғаны көзімен көріп, көз жасын ішіне жұтса да, төркінінің тағдырына алаңдаумен өмір сүрді. Оның атақты ұлдарына да өсиеттеп: «нағашыларың сендердің құрбандарың болып еді, қан-қарызы мойындарыңда кетпесін. Шамаларың жеткенше қол ұшын беріп, көз қырларыңды сала жүріңдер!» деп тапсыруы әбден мүмкін [2, 176 б.].

«Жошы ханның мавзолейінде оның әйелі, Керей ханы Тұғырыл ханның қызы Бектімұштың да сүйегі табылған. Құрылысы жағынан Жошы хан мавзолейіне ұқсас болып келеді» деген дерекке қарасақ, Бектімұштың да Жошы ордасындағы орнының төмен болмағаны аңғарылады [2, 176 б.].

Бір ананың омырауын тел емген екі қыздың бірінің (Сұрғактан бикенің) сүйегі - Бұрах Ундур (Бұрақ Өндір), Селенга өзеніне жақын жердегі Шыңғыс ханның Ұлы қорығына жерленсе, енді бірінің (Бектымұштың) сүйегі - Қазақ даласындағы хандар орда тіккен Ұлы таудан мәңгілік тұрақ тапты. Олардың әулеті де әлемнің әр түкпіріне, соның ішінде бүгінгі моңғолия, қытай, қазақстан елдеріне тарады [2, 177 б.].

Сұрғактан бикеден туған атақты хандар - Мәнке, Құбылай, Құлағу, Арықбұқа төртеуі әлемді алақанына салған әйгілі тұлғаларға айналса да, нағашыларын сырт тебуге қауқарсыз еді [2, 177 б.].

Қазақта «шөп шыққан жеріне шөп шығады», «су сүзілмейді, ұрпақ үзілмейді», «тектіден текті туады», «досы көпті жау алмайды, туысы көпті дау алмайды», «жақсы атаның аруағы қырық жыл сүйрейді». «асыл кездік қап түбінде жатпайды», «ат тұяғын тай басар» деген сөздер бар. [2, 178 б.]. Үзілмеген алтын арқау Сұрғактан бике Керейдайқызы сынды аяулы аналардың арқасында бүгінгі Қазақ Даласына жалғанды [2, 178 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр 3. Қиянатұлы. - Астана: Елорда, 2001. - 208 б.
2. Шәкенұлы, Ж. Түркілік тек және қазақ тұрғақтары: зерттеулер / Ж. Шәкенұлы. - Нұр-Сұлтан: Өрнек баспасы, 2020. - 428 бет.

ЖАМБЫ АТУ: ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МЕРГЕНДІК ӨНЕРІНІҢ БҮГІНГІ ДАМУЫ

Асқар А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
askarayaulim555@gmail.com

Қарағанды қ.

Қазақ халқының әскери мәдениеті мен жауынгерлік дәстүрі ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұраға толы. Дала қағанаттары, сақ-ғұн дәуірінен бастау алған көшпелі өркениет жауынгерін дайындаудың өзіндік мектебі болған. Әскери дайындықта ат үстіндегі айла-тәсілдер, садақ ату, қылыштасу, жебе тарту сияқты іске аса дәлдікті қажет ететін өнерлер ерекше дамыды. Соның ішінде

атпен шауып келе жатып, қашықтағы нысананы дәл көздеп аруды талап ететін жамбы ату - көшпелі жауынгердің шын мәнінде шеберлігін сынайтын негізгі жаттығулардың бірі ретінде қалыптасты.

Бүгінде жамбы ату - қазақ халқының ерлік дәстүрін жалғап келе жатқан бірден-бір ұлттық спорт. Ол мергендік қабілетті ғана емес, атпен жұмыс істей білу шеберлігін, батылдықты, төзімділікті және көз ілеспес дәлдікті талап етеді.

Мен өзім де осы спорт түрімен айналысамын, сондықтан жамбы арудың қаншалықты күрделі әрі ерекше дайындықты қажет ететінін тәжірибе жүзінде сезіне алдым. Жаттығулар барысында дене шынығумен қатар, бұл өнердің рухани тәрбие беретінін, сабырды, өзін-өзі басқаруды және жігерді қалыптастыратынын анық аңғаруға болады.

Бұл мақалада жамбы арудың шығу тарихы, даму кезеңдері, жарыс ережелері, қазіргі Қазақстандағы және халықаралық деңгейдегі өркендеуі, сондай-ақ жеке спортшы ретінде алған тәжірибем қамтылады. Сонымен қатар, жамбы арудың жас ұрпаққа беретін тәрбиелік және мәдени маңызы да талданады.

Әлем тарихында адам баласының тұрмыс-тіршілігіне төтенше өзгеріс әкеліп, олардың өмір сүру дағдысын өзгерткен дүние - ату құралы садақ. Зерттеушілер садақ алғашқы тас дәуірінде пайда болғаны хақында айтады. Бұған дәлел бүгінге бұзылмай жеткен жартас бетіне бәдізделген петроглифтер. Осындағы бейнелерден ежелгі тұрғындар садақ қолдану арқылы аң аулағанын және жыртқыш жануарлар шабуылынан қорғанғанын аңғаруға болады. Бұл жауынгерлік құрал садақтың тарихы тереңде жатқанын көрсетеді. Ресейлік ғалым, археолог, тарих ғылымдарының докторы, көшпенділер қару-жарағын зерттеуші Ю.С.Худяковтың жазуына қарағанда, тас дәуірінен бастап, жаппай отты қару қолданған XVIII ғасырға дейін әлем халықтары садақтың 200-ге жуық түрін ойлап тапқан екен. Осылардың ішінде ең керемет жетілген түрі - б.з.б. IV-III ғ.ғ. пайда болған «ғұн садағы». Бұл садақ қазіргі таңда көне көшпенділер садағының «атасы» саналып отыр. Соңғы жылдары ежелгі көшпенділер мекендеген еуразиялық аумақ: Байқал, Тыба, Алтай, Шыңжан, Қазақстан, Орта Азия, түстік Қапқаз, Украин, Эльба дариясының аңғары қатарлы өлкелерде ғұндарға тән өте ірі 13 қорған-кешен табылса, осылардың 9-ы ежелгі Өтукен қойнауында, яғни моңғол үстіртінде орналасқан екен. Жоғардағы тарихи нысандарға жүргізілген археологиялық кешенді қазба жұмыстары барысында ғұн дәуіріне жататын 80-ге жуық садақтың ізі анықталып, 10 садақ бүтін күйінде табылып отыр. Осы 10 садақтың 5-еуі көне көшпенді тайпалардың ұйық мекені бабаларымыздың ізі қалған Өтукен қойнауындағы оба-қорғандарды қазған кезде шығыпты. Осындағы табылған заттық артефактілер мен көне қытай деректеріне сүйенген зерттеушілер (В.С.Таскин, Л.Н.Гумилев, Ма Чан Шоу т.б.) көшпенді ғұн ұлысы алғаш рет садақшылар (мергендер) қосынын дүниеге келтірген деген пікірде. Сонымен қатар, шамамен б.з.б. 140-86 жылдары өмір сүрген ежелгі қытай тарихшысы Сыма Цяньның «Ши цзи» («Тарих жазбалар») атты еңбегінде: «Ғұндар көсемі тәңірқұты Мөденің үш мың мерген садақшылары болғаны» туралы дерек айтылса, жазушы-зерттеуші Қойшығара Салғараұлы өз еңбектерінде ғұндар аса қуатты ысқырғыш жебесі бар садақ қолданып, жауының үрейін ұшырғаны жайлы жазады [1, 30 б].

Келесі кезекте назар аударатын дүние - көшпенділердің мергендік өнері. Өйткені, олар садақ қолданудың қыр-сырын қалқысыз үйреніп, ұзақ уақыт машықтанудың нәтижесінде мергендік өнерді жеріне жеткізіп игерген.

Моңғол тарихшысы Гоңғыржаб 1982 жылы Ұланбатырда жарық көрген «Ертедегі көшпенділердің садақ ату сайысы» атты еңбегінде, «Садақпен нысаны көздеу (қазақша жамбы - ату) сайысы - ежелгі ғұн, жужан, сябилерден жалғасып келе жатқан өнер. Бұл сайысты мергенмен қатар аттың да атқарар рөлі көп. Жужандар мергендік сайыста жеңіп шыққан адамға оғы жерге түспейтін «Дэ удай мерген» деген атақ берген. Бұл сайысты кидандар да мемлекеттік мерген сыналту бәсекесі ретінде жүргізген» деп жазады.

Жоғарыда айтылған ежелгі көшпенділер сайысын қазақтың тарихи танымы тұрғысынан «Жамбы ату» деген дұрыс. Бұл сайыс халқымыздың көнеден келе жатқан дәстүрлі ойын түрі. Мергендер атып түсіру үшін белгіленген нысананы жамбы деп айтады. Жамбы дегеніміз көне түркі тілінде «ембу», яғни құймалы алтын немесе күміс дегенді білдіреді.

Жамбының «Айқабақ ату» деген де түрі бар. Егер бұл зат алтын бұйымнан жасалған болса «Алтын қабақ» деп аталады. Айқабақ жамбыдан ауыр, көлемі ай пішіндес, сом күмістен құйылған бұйым. Жалпы «Жамбыны» немесе «Айқабақты» ұзын сырықтың басына, мөлшерлі жерге іліп қояды. Оны аттың үстінде шауып келе жатып садақпен дәл атып түсіру керек. Бұл садақшылардың ең жоғары деңгейдегі жарысы. Өте үлкен мерекелерде ғана ойналады. Кейде жаяу жүгіріс барысында да атады. Атып түсірген мерген қымбат бұйымды өзі алады. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы кезде жауынгерлер мал табу үшін мерген болуы қажет [2, 79 б].

Қазақ танымындағы жауынгерлік-мергендік өнер - жамбы атудың тарихы мен этнографиялық маңызы хақында баяндау үшін оның ежелгі дәуір бедерінде қалдырған деректі іздеріне үнілген дұрыс. Яғни жамбы ату көне жазбаларда «шенбер ату» немесе «доп ату» деген ұғымда түсіндірілген екен. Мысалы, ғұн, қидан дәуірі кезінде сайыстың бұл түрін «доп ату» деп атапты. Бұл сайысты жүргізудің тәсілі - 40 оқбойы қашықтыққа арасы 20 оқ бойы болатын аты адамның бойына шақ бір қатарға үш биік сырық орнатады. Сырықтарға нысана допты, яғни жамбы орналастырады. Жамбыны сырықтың басына қадап қоюға немесе арнайы көлденең ағаш орнатып, оған салбыратып іліп қоюға да болады. Орыстың танымал ғалымы, ежелгі көшпелілердің соғыс өнерін зерттеген оқымысты әрі ерте дәуір қару-жарағының ғылыми - тарихи болмысын жаңғыртушы шебер М.В.Гореликтің еңбектерінде ортағасырлық көшпелілер арасы 20 метр қашықтықта орналасқан, биіктігі атты адамның бойымен бірдей биік сырыққа байланған 3 немесе 4 нысананы атпен шауып келе жатып ағаш жебелі қысқа садақпен ататыны айтылады. Міне, біз сөз етіп отырған жамбы атудың негізі осы. Демек жамбы атудың тарихы тым тереңде. Оның пайда болу мерзімін тарихшы - ғалымдар б.з.б. IV-III ғасырлар үлесіне жатқызып жүр. Зерттеушілердің пікірінше, көшпелі Ғұн ұлысы алғаш рет садақшылар (мергендер) қосынын дүниеге келтірген. Қытай жазбаларында ғұндар көсемі (тәңірқұты) Мөденің үш мың мерген садақшысы болғаны жайлы дерек айтылады. Яғни ат үстінен садақ ату дәстүрі көшпелі ғұн империясы заманында жақсы жолға қойылғаны анық.

Келесі кезекте бабаларымыз жамбы аттыру арқылы жауынгерлердің мергендік қабілетін жетілдіретін болған. Бұның басты мақсаты: біріншіден, әскери-жауынгерлік дайындықты жетілдіріп отыру болса, екінші тараптан ел арасындағы мергендерді (садақшыларды) анықтап, оларды көтермелеу үшін қажет болған, үшіншіден, сыналған садақшылардан арнайы топ құрып, соғыс кезінде күштік құрылым ретінде пайдаланған. Осы негіздерге қарағанда, жамбы ату жауынгерлердің шеберлігін дамытатын ойын түрі екені даусыз.

Жамбы ату стилі хақында көркем әдебиет нұсқаларында да жазылған екен. Соның бірі - 1994 жылы Қарағанды қаласында жарық көрген этнолог-тарихшы Жамбыл Артықбаевтың «Бұқар жырау» атты монографиясы. Осы туындының 226-бетінде «Екі жақтың да намысқа тырысқаны - «алтын қабақ» ойны. Алғашқы бетте мергендер көп болды. Көз ұшында биік баған басында жамбының әртүрі болды. Іріктеле келе қалмақтан Шешен қыз, қазақтан Нарбота калды. Шешен - қалмақ арасында белгілі Очирту Цецен Шолайдың қызы. Онын қолындағы садағы ерекше көсем жасалған иіні мүйіз, кәдімгі Алтайдың иір бұтақ бұғысының мүйізі, екі жақ басы жылан бейнелі, қатырып, кептіріп, жыланның өзін кигізе қойған, кірісі - зерлі қайыс жіп. Не қаруында, не киімінде, не тал бойында бір кемшілік жоқ. Нарбота көрген жерде ғашық болды. Бәсекенің ең ауыры тайтұяқ алтын жамбы болды. Көзді қызықтырып екі жүз қадам жерден күн сәулесіне шағылысып жарқ-жұрқ етеді, бір - ақ оқ дарымайды. Бас бәйге - осы алтын жүлденің өзі. Шарт бойынша жамбының өзін емес, жібін қиып түсіру керек. Қыздың садағы ауыр болды ма, әлде осыған дейінгі жарыс қалжыратты ма, әлде «Цецен» деп айқайлап тұрған қалмақ жігіттерінің даусы абыржытты ма, әйтеуір бір мүдірген қолы осы жолы да мүлт кетті. Содан кейін кезегі келген Нарбота «шешінген судан тайынбас» деп қорамсаққа қол салып, күшіген жүнді, түрі доғал, қайыңның өзегінен жасалған қызыл жебені алып шығып, тарамыс кіріске оқты салып жіберіп, иінін толғап атып жіберді» деп жазады [3].

Өздеріңіз көріп отырғандай, жоғарыдағы көркем жазбада танымал этнолог-этнограф Жамбыл Омарұлы оқиғаны ойдан құрастырып отырған жоқ, бұл кісі көне деректі құжаттармен көп жыл жұмыс істеген адам әрі халқымыздың ауыз әдебиетін де жеттік біледі. Демек бұл кісі оқиғаны барынша дәлдікпен жазып отыр. Ескеретін дүние - бұл жерде жамбыны емес, оны іліп қойған жіпті қиып түсіру тәсілі. Осылайша, жамбы ату өнері - сан саналы әрі әлеуметтік маңызы бай мұра. Осы өнерді дамыту арқылы халқымыздың генеологиялық болмысы мен түйсігінде сақталып келген жадысын жаңғырта аламыз.

Қазіргі таңда жамбы ату Қазақстанда ұлттық спорт ретінде жаңаша рух алып, жаңа деңгейде өркендеп келеді. Республикалық, аймақтық чемпионаттар, этносport фестивальдері, жасөспірімдер арасындағы сайыстар - бәрі ұлттық өнердің заманауи келбетін қалыптастырып отыр. Жамбы ату бүгінде тек өткеннің көлеңкесі емес, жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен мақтаныш ұялататын заманауи спорт түріне айналды.

Қазақстандағы дамудан бөлек, жамбы ату халықаралық деңгейде де назарға ілініп келеді. Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолия, Венгрия, Корея сияқты елдер қазақ моделіне сүйеніп, өз жарыстарын ұйымдастыра бастады. Түркиядағы Этноспорт конфедерациясы, «Nomad Games» сияқты халықаралық шаралар жамбы атуды әлемдік аренаға шығаруда маңызды рөл атқарды. Осылайша, қазақтың дәстүрлі мергендік өнері бүгінде әлемдік этносport қозғалысының ажырамас бөлігіне айналып отыр [4].

Мен үшін жамбы ату - жай ғана спорт емес, терең рухани тәжірибе. Бұл өнермен айналыса жүріп, атпен тіл табысуды, шабыс ырғағын сезінуді, өзінді басқара білуді, дәл сәтті танып, батыл шешім қабылдауды үйренесің. Ат үстінде нысанаға дәл тию үшін сана ашық, ой жинақы, көңіл орнықты болуы шарт. Осы қасиеттер уақыт өте өзіңнің мінезінде де көрініс береді. Жамбы ату арқылы шыдамдылықты, табандылықты, сенімділікті қалыптастырдым десем, қате айтқаным емес.

Жамбы атудың жас ұрпақ үшін берер тәрбиелік мәні өте көп. Ол баланы батырлыққа, жауапкершілікке, ұлттық болмысқа құрметпен қарауға баулиды. Жас спортшылар атпен жұмыс істеуді үйрене отырып, табиғатпен үйлесімді өмір сүруді, ер-тоқым үстінде өз-өзін басқаруды, іс-әрекетке дәлдік пен есеппен қарауды меңгереді. Бұл қасиеттер олардың болашақ өмірінде де маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, жамбы ату ел тарихына қызығушылықты арттырады: әрбір жас спортшы садақтың, жебенің түрлерін, көне дәстүрлерді, батырлар өмірін зерттей бастайды. Осылайша, ұлттық өнер - ұрпақты тарихымен қайта табыстыратын көпір қызметін атқарады.

Жамбы ату - қазақтың өткені ғана емес, бүгінгі мен болашағы. Оның тарихи тамыры тереңде жатқанымен, қазіргі қоғамдағы орны да ерекше. Бұл өнер - бір жағынан ұлттық құндылықты сақтаудың жолы болса, екінші жағынан жастарды тәрбиелеудің тиімді тетігі. Ал жеке спортшы ретінде айтарым: жамбы ату адамды ішкі және сыртқы жағынан шыңдайтын, рухты көтеретін, ұлттық болмысты жүрекке мөрлейтін ерекше өнер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайратұлы Б. Жамбы ату. Қазақтың мергендік өнері : ғылыми-публицистикалық һәм этнографиялық пайым. -Астана,- 2024.-160 б.
2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. -Алматы, 1994.-144 б.
3. <http://e-history.kz/kz>.
4. Мемлекеттік/қоғамдық сайт: Қазақстандағы ұлттық спорт түрлері: даму жолдары және жетістіктері.

АРАЛ АПАТЫНЫҢ ЖӘНЕ СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ МӘДЕНИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЖАДЫНА ӘСЕРІ

Ауганбай Н.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

nursatauganbay@gmail.com

Қарағанды қ.

Табиғат - адамзат өркениетінің тірегі, ал оның әрбір өзгерісі қоғам өміріне тікелей ықпал етеді. Қоршаған ортаның бұзылуы, табиғи тепе-теңдіктің шайқалуы немесе ғылыми-техникалық прогрестің бақылаусыз қолданылуы тек табиғи ландшафтарды ғана емес, тұтас халықтардың денсаулығы мен тұрмысын өзгертетін ірі әлеуметтік-экологиялық мәселелерге алып келетіні белгілі. Қазақстан аумағында ХХ ғасырда орын алған Арал теңізінің тартылуы мен Семей ядролық полигонының жұмысы - табиғатқа жасалған ауыр қиянаттың, адам қолымен жасалған екі үлкен апаттың айқын дәлелі. Бұл екі трагедия бір-бірінен бөлек көрінгенімен, екеуін байланыстыратын ортақ фактор бар: ол - сол дәуірдегі саяси-экономикалық мүдделердің экология мен адам тағдырынан жоғары қойылуы.

Өткен ғасырдың ортасына дейін Арал теңізі - балыққа бай, климаты жұмсақ, жағалауы жасыл белдеу болып келген алып су айдыны еді. Оның суы тек Әмудария мен Сырдарияның ағысына тәуелді болса да, ғасырлар бойы табиғи тепе-теңдігі сақталып келді. Алайда Кеңес Одағының ауыл шаруашылығын кеңейту, мақта жоспарларын орындау, суармалы алқаптарды ұлғайту мақсатында жүргізілген ирригациялық саясат теңіз тағдырын күрт өзгертіп жіберді. Экологиялық салдары ескерілмеген жобалар, өзен суларын бұру, каналдарды тым көп салу нәтижесінде Арал теңізінің деңгейі төмендеп, ол біртіндеп әлем алдында бұрын-соңды болмаған экологиялық апат аймағына айналды. Тұздылықтың артуы, флора мен фаунаның жойылуы, аймақтың климаттық өзгерісі, халық денсаулығының нашарлауы - бұл трагедияның тек бір бөлігі ғана. Арал мәселесі бүгінде тек Қазақстанның ғана емес, тұтас адамзаттың ортақ қасіреті ретінде қарастырылып отыр.

Еліміздің шығысындағы Семей өңірі де дәл осындай тарихи әділетсіздіктің құрбаны болды. 1949 жылдан бастап 40 жыл бойы ядролық қаруды сынаудың негізгі орталығына айналған бұл аймақтың тағдыры да адам еркінен тыс шешілді. Миллиондаған гектар жерді қамтыған полигонда